

Аудандық коммуналдық мүлiкті мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесi есептемесiнiң тәртiбiн анықтау туралы

Күшiн жойған

Солтүстiк Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 6 наурыздағы № 81 қаулысы. Солтүстiк Қазақстан облысының Әдiлет департаментiнде 2015 жылғы 20 наурызда N 3172 болып тiркелдi. Күшi жойылды – Солтүстiк Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 31 шiлдедегi N 179 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды – Солтүстiк Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкiмдiгiнiң 31.07.2015 N 179 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгiзiледi).

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттiк мүлiк туралы" Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы 74 бабының 3-тармағына, "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекiтiлген Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес Солтүстiк Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДi:**

1. Қосымшаға сәйкес аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесi есептемесiнiң тәртiбi анықталсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмiнiң әлеуметтiк және экономикалық мәселелер жөнiндегi орынбасарына жүктелсiн.
3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында бiрiншi рет ресми жарияланған күннен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi және 2015 жылғы 9 ақпаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады

Аудан әкiмiнiң м.а.

Е. Жақыпов

Солтүстiк Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 06 наурыздағы № 81 қаулысына қосымша

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесі есептемесі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесінің есептемесі мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) қағидаларының 50 тармағына сәйкес (әрі қарай Қағида) әзірленді және ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесі есебінің тәртібін анықтайды.

2. Коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміндегі мемлекеттік тұрғын емес қоры объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну бойынша жылдық жалға алу ақының мөлшерлемесі қолданылатын коэффициенттер көлемін және базалық мөлшерлеме негізінде анықталады, салу үлгісі ескеріледі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, жайлылық дәрежесі, аумақтық орналастыру, жалға алушы қызметінің түрі, осы Қағиданың қосымшасына сәйкес жалға алушы ұйымдастырушылық-құқықтық үлгі және насанына № 1 қосымшаға келісті аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысы мөлшерлемесінің есебі мына формула бойынша жүзеге асырылады :

$$A_{п} = P_{бс} \times S_{x} \times K_{т} \times K_{к} \times K_{ск} \times K_{р} \times K_{вд} \times K_{опф},$$

онда:

$A_{п}$ – жылына коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміндегі мемлекеттік тұрғын емес қоры объектілерінің жылына 1 шаршы метрге жалгерлік ақысының жылдық мөлшерлемесі;

$P_{бс}$ – 1 шаршы метрге жалгерлік ақының базалық мөлшерлемесі, жылына теңге;

S – берілетін мүліктік жалдауға (жалға) алаңы 25% жалға алушы кеңістігін ортақ салаларына қол қарастыру құрылыс мұқтаж бөлмелер жалдау үшін ақы есептеу арендалық аудандармен, шаршы метр;

$K_{т}$ - коэффициент, салу үлгісі ескеріледі;

$K_{к}$ - коэффициент, тұрғын емес үй-жайдың түрі ескеріледі;

$K_{ск}$ - коэффициент, жайлылық дәрежесі ескеріледі;

$K_{р}$ - коэффициент, аумақтық орналастыру ескеріледі;

$K_{вд}$ - коэффициент, жалға алушы қызметінің түрі ескеріледі;

$K_{опф}$ - коэффициент, жалға алушы ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісі ескеріледі;

3. Мүліктік жалдауға беруге (жалға алуға) жалдау ақысының есебі автокөлік құралдарына, аудандық коммуналдық меншігіндегі жабдық, мемлекеттік тұрғын

үй емес қорының объектілерінен басқа № 2 қосымшаға келісті аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысы мөлшерлемесінің есебі.

Мүліктік жалдауға беруге (жалға алуға) жылдық жалдау ақы автокөлік құралдарына, жабдық, ауданның коммуналдық меншігіндегі мүлік, мемлекеттік тұрғын емес қоры объектілерінсіз анықталады :

$$A_p = C \times K_1 \times K_2,$$

мында: A_p – жылына жалгерлік алаңның мөлшерлемесі;

C – жылына жалгерлікке базалық мөлшерлеме, теңдеуімен қабылданатын $C = (S_{\text{бал.}} \times N_{\text{аморт.}})$,

мында: S бал. – жалға берілетін объектінің бастапқы құны;

N аморт. – Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, тіркелген активтердің өтелім нормасы негізінде жылдық төзім нормасы анықталады.

Кестеде коэффициент болмаған жағдайда, 1,0 тең коэффициенті қабылданады

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысы мөлшерлемесінің есептеуіне № 1 қосымша

Қолданылатын коэффициенттердің көлемі және базалық мөлшерлемесі, салу үлгісі ескеріледі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, жайлылық дәрежесі, аумақтық орналастыру, жалға алушы ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалгерлік) беруге жалгердің ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісі

р/ с №	Базалық мөлшерлеме	
	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Базалық мөлшерлеменің көлемі
1	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы	Сәйкесті жылғы республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіші
р/ с №	Коэффициент түрі	Коэффициент көлемі
	Коэффициент, салу үлгісі ескеріледі (Кт):	
	1.1 офистік	1,0
1	1.2 өндірістік	0,8
	1.3 қоймалық, гараждық, қазандық	0,6
	1.4 спорттық ғимарат (стадиондар, спорттық залдар)	0,7

	Коэффициент, тұрғын емес үй-жайдың түрі ескеріледі (Кк)	
	2.1 жеке тұрған құрылыс	1,0
2	2.2 ғимараттағы үй-жай	1,0
	2.3 салынған-қосалқы бөлшек	0,9
	2.4 жергілікті (жартылайподвалды) бөлшек	0,7
	2.5 подвалды бөлшек	0,6
	Коэффициент, жайлылық дәрежесі ескеріледі (Кск)	
3	3.1 барлық инженерлік-техникалық жайғастыруға үй-жай үшін (электр қуаты, кәріз, сумен жабдықтау, жылу) әртүрлі коммуникация түрлерінің болмауына байланысты, әр жоқ түріне 0,1 азаяды.	1 , 0
	Коэффициент, аумақтық орналастыру ескеріледі (Кр):	
4	4.1 аудандық орталық үшін	1,0
	4.2 ауылдық елді мекендер үшін	0,5
	Коэффициент, жалға алушы қызметінің түрі ескеріледі (Квд):	
	5.1 брокерлік қызмет үшін және кеден қызметін көрсету, айырбастау пункттері және мекемелер, қызметі нарықтық құнды қағаздармен байланысты, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалды кеңселер, адвокаттық кеңселер	3,0
	5.2 коммуникациялық қызмет үшін, соның ішінде байланыс қызметі, автоматтандырылған телефон станциясы, пошталар, есептік-кассалық орталық банктар	0,8
	5.3. тренажерлық залдарды ұйымдастыру үшін, фитнес-клубтар, техникалық қызмет көрсету станциясы, шеберханалар	2,0
5	5.4 қоғамдық тағамды ұйымдастыру үшін, қонақ үйлер қызметі немесе сауда және сауда-делдалдық қызметтер, дәріхана және дәріханалаық пункттер	3,0
	5.5 оқу орындарында қоғамдық тағамды ұйымдастыру үшін	0,5
	5.6 білім облысында қызмет көрсету үшін (мектептен тыс, оқушылар үшін үйірме қызметі, компьютерлік класстар), балалар және жасөспірімдер үшін дене шынықтыру және спорт, денсаулық сақтау және мәдениет	1,0
	5.7 өндірістік қызмет үшін	2,0
	5.8 гараж, қойма, сақтау камералары	2,0
	5.9 басқалары үшін	1,5
	Коэффициент, жалға алушы ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісі ескеріледі (Копф):	
	6.1 жеке кәсіпкерлер үшін өндірістік қызметті ұйымдастыру және тұрғындарға қызмет көрсету саласын дамыту, тек сауда-делдалдық қызметсіз.	0,9
6	6.2 жеке меншік үлгісімен құрылым үшін (акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік)	2 , 0
	6.3 қоғамдық ұйымдар және үкіметтік емес ұйымдар коммерциялық емес ұйымдар	0,5
	6.4 басқалары үшін	1,0

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысы мөлшерлемесінің есептеуіне № 2 қосымша

p/c		
-----	--	--

№	Коэффициент түрлері	Коэффициент көлемі
1	Коэффициент, пайдалану мерзімі ескеріледі К1	
	Автокөлік құралдары; - пайдалану бойынша 1 жылдан 5 жылға дейін - пайдалану бойынша 5 жылдан аса	1, 2 1,0
	Жабдық және басқа мүліктер - пайдалану бойынша 1 жылдан 7 жылға дейін - пайдалану бойынша 7 жылдан жоғары	1, 2 1,0
2	Коэффициент, пайдалану жағдайы ескеріледі К2	
	Автокөлік құралдары, жабдық - облыс орталығының аймағында пайдалану бойынша - облыстың басқа аумағында пайдалану бойынша	1, 4 1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК